

1. Негізгі тұстары

2. Конъюнктуралық зерттеу

3. Әдіснамалық түсіндірмелер


4. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер

1. Негізгі тұстары

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерлік сенімділік индексі 2023 жылдың I тоқсанында 3% құрады;

Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерлік сенімділік индексі 1% құрады.

Құрылыс кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерлік сенімділік индексі (-2%) құрады.



2. Конъюнктуралық зерттеулер

2023 жылғы I тоқсанда 78% **өнеркәсіп** кәсіпорындарының басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 68% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 10% - жақсаруын және 16% - нашарлайтындығын күтеді.

2023 жылғы I тоқсанда 65% **сауда** кәсіпорындардың басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 57% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 8%- жақсаруын және 23% - нашарлайтындығын күтеді.

2023 жылғы I тоқсанда сату түрлері бойынша сауда көлемі:

- көтерме сауда -20%
- бөлшек сауда -19%
- электронды сауда алаңы арқылы -6%
- электронды сауда алаңынан тыс -23%

2023 жылғы I тоқсанда 58% **құрылыс** кәсіпорындарының басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.


Ағымдағы уақытпен салыстырғанда 52% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 6% - жақсаруын және 27% - нашарлайтындығын күтеді.

2023 жылғы I тоқсанда 4724 кәсіпорындарының басшылары өндірісті қызметін шектейтін факторларды атап өтті:


Өндірістік әрекетті шектейтін фактор

	Қаржылық	Жоғары өзіндік құн	Төмен өнімділік	Реттеушілік	Экономикалық ахуал
өте жақсы	1026	722	537	565	792
жақсы	234	342	233	267	318
қанағаттанарлық	399	526	519	530	471
жаман	183	267	294	317	220
өте жаман	415	400	674	578	456

2023 жылдың бірінші тоқсанындағы ESG критерийлерінің (экологиялық, әлеуметтік, корпоративтік басқару) өзектілігі туралы сауалнамаға 2525 кәсіпорын жауап берді, оның ішінде өңірлік бөліністегі 311 кәсіпорын оң жауап берді. ESG критерийлерімен (экологиялық, әлеуметтік, корпоративтік басқару) таныстардың ең көп саны Алматыда -34 және Қарағандыда -32 кәсіпорын болып табылады.



ESG критерийлерін талдау республикадағы кәсіпорындардың 72%-ы экологиялық критерийлерге, 69%-ы корпоративтік басқару критерийлеріне сәйкес келмейтінін, сонымен қатар кәсіпорындардың 71%-ы әлеуметтік критерийлерге сәйкес келетінін көрсетеді.



3. Әдіснамалық түсіндірмелер

Өнеркәсіп кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі нақты қалыптасқан сұраныс деңгейі мен дайын өнім қорлары (соңғысы – кері белгісі бар) бағаларының «баланстарының» орташа арифметикалық мәні ретінде, сондай-ақ өндіріс көлемінің күтілетін өзгерістері пайызбен есептеледі.

Сауда кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі нақты қалыптасқан экономикалық жағдай мен қойма қорларының деңгейін бағалаудың «баланстарының» орташа арифметикалық мәні ретінде (соңғысы – кері белгісі бар), сондай-ақ экономикалық жағдайдың күтілетін өзгерістері пайызбен есептеледі.

Құрылыс кәсіпорындарының кәсіпкерлік сенімділік индексі тапсырыстар портфелінің нақты жай-күйін бағалаудың «баланстарының» орташа арифметикалық мәні және ұйымдарда жұмыс істейтін санның күтілетін өзгерісі пайызбен есептеледі. Баланс деп зерттелетін кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қандай да бір көрсеткішінің пайызбен «ұлғаюын» және «азаюын» атап өткен респонденттер үлесінің айырмасын түсіну керек.

[4. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

[Конъюнктуралық зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан кәсіпорындарының іскерлік белсенділігі](#)

[5. Электрондық кестелер](#)

[Конъюнктуралық зерттеу](#)

www.stat.gov.kz / Ресми статистика / Салалар бойынша / Шағын және орта кәсіпкерлік

Шығаруға жауапты: Ұлттық шоттар департаменті	Департамент директоры: Ә. Нақыпбеков Тел. +7 7172 749717	Орындаушы: Ж.Т. Әбдалімова Тел. +77172 749814 E-mail: zh.abdallmova@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
--	---	---	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы